

## 2021 жылғы мемлекеттік қызметтер бойынша есең.

### 1. Жалпы ережелер

1) Қызмет көрсетуші туралы мәлімет: Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы «Егіндікөл ауылы, агротехникалық колледжі» МКҚК. Заңды мекенжайы Ақмола облысы, Егіндікөл ауданы, Гагарин көшесі, 3 үй.

2) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат: Егіндікөл ауылының агротехникалық колледжі 8 мемлекеттік қызмет көрсетеді.

2021 жылы колледжбен 57 қызмет көрсетілді;


«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілген қызметтер саны - 5;

«College Smart Nation» ақпараттық жүйесі арқылы электрондық түрде көрсетілген мемлекеттік қызметтер-36 қызмет;

қағаз түрінде көрсетілген мемлекеттік қызметтер саны -16.

Барлық мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі.

## 2021 жылы көрсетілген қызметтер



- көрсетілетін қызметті берушінің консесі арқылы
- электрондық түрде
- Мемлекеттік корпорация арқылы

3) Неғұрлым талап етілетін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат: білім беру саласындағы неғұрлым талап етілетін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер:

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау»;

*«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру»;*

*«Біліктілік санаттарын беру және растау үшін білім беру ұйымдары мен республикалық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары педагогтерінің аттестаттаудан өтуіне құжаттар қабылдау»;*

## **2. Қызмет алушылармен жұмыс:**

*1) Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер.*

Көрсетілетін қызметті алушылар үшін барлық қажетті ақпарат колледждің ресми интернет-ресурсында [r0001.egindykol.aqmoedu.kz](http://r0001.egindykol.aqmoedu.kz) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» және мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары мен ережелері бөлімінде орналастырылған. Сондай-ақ, колледжде ақпараттық стендтерде мемлекеттік қызметтердің стандарттары мен ережелері орналастырылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді.

*2) Мемлекеттік қызметтер көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар (түсіндіру жұмыстары, семинарлар, кездесулер, сұхбат және басқалар).*

2021 жыл бойынша агротехникалық колледжде БАҚ және әлеуметтік желілерде 6 мақала жарияланып, тікелей эфир өткізілді. Тұрақты негізде БАҚ, қызмет көрсетушілердің интернет – ресурстары арқылы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы халықты ақпараттандыру бойынша жұмыс жүргізіледі.

## **3. Мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін жетілдіру жөніндегі қызмет.**

*1) Мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін оңтайландыру және автоматтандыру нәтижелері.*

«College Smart Nation» ақпараттық жүйесінде 8 мемлекеттік қызмет автоматтандырылды.

Бұдан басқа, «College Smart Nation» ақпараттық жүйесі колледждердегі оқу процесін цифрлық нысанда автоматтандыруға мүмкіндік берді: талапкерлерден құжаттарды қабылдау, оқуға қабылдау, оқудан шығару бұйрықтары; оқу жоспарлары, журналдар.

*2) Мемлекеттік қызметтер көрсету саласында қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар.*

Колледжде мемлекеттік қызметтерді қажетті компьютерлік техникамен қамтамасыз етілген және мемлекеттік қызметтер бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен 2 қызметкер көрсетеді.

## **4. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау.**

*1) Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың шағымдары туралы ақпарат.*

2021 жылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде шағымдар мен бұзушылықтар болған жоқ.

**5. Мемлекеттік қызметтер көрсетудің одан әрі тиімділігінің боланағы және сапасына көрсетілетін қызметті алушылардың қанағаттануын арттыру.**

Қызмет алушылардың қанағаттанушылығын арттыру және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында, колледжде 2021 жылға арналған білім беру саласында мемлекеттік қызмет алу мүмкіндіктері мен тәртіптері туралы халықты ақпараттандыру бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес жұмыс жүргізілді.

2022 жылы жеке тұлғаларды қолжетімді және сапалы мемлекеттік қызметтермен қамтамасыз ету бойынша жұмыс жалғасатын болады.

**Басшы**



**Л. Шевцова**